

Бекітемін
«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы
бағабакшасы» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің меңгерушісі
А.О.Сейтова
«29» * 2025-2026 ок.ж

Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған «Қарлығаш» ересек тобының «Сөйлеуді дамыту» («Ойна, тілінді дамыт» бағдарламасы) арнайы түзету іс-әрекетінің 2025-2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспары

Логопед: С.Н. Қаржау

Қыркүйек 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Балалардың жалпы түсінігін тексеру. Сөйлеу мүшелерінің құрылысын, кимыл-қозғалысын тексеру. Жалпы және қолдың ұсақ моторикасын тексеру. Байланыстырып сөйлеу тілін тексеру. Дыбыстарды айту және ажырату дағдыларын тексеру. Есту зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту және ұсақ қол моторикасын дамыту. Белсенділік, жауапкершілік, мейірімділік, достық, бірлесу дағдыларын қалыптастыру. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сурет арқылы қысқаша сипаттау мәтінін құрастыру білігін дамыту, байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру. Түстерді ажыратуға меңгерту. Танымдық процестерді дамыту.
Қазан 2025 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алудың,саусақ қол моторикасын дамыту.Сөздерді дұрыс, анық айтуға машықтандыру. Сөздік қорын белсендіру, кеңейту, дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөзге дыбыстық талдау дағдысын жетілдіру. Есте сақтауды дамыту. Зат есімнің көпше түрін жасау. Сұрақ көмегімен сөзге жалғанатын септік жалғауларын дұрыс жалғауды меңгерту. Сипаттау мәтінін құрастырып айту, байланыстырып сөйлеу,

зейін, артикуляциялық моторика, ұсақ және жалпы моториканы дамыту. Сөздерді буынға бөліп жаттығу. Сөйлеу тілін қимылмен үйлестіруін дамыту. Фонематикалық қабылдау және түсініктерін қалыптастыру. Сын есім+зат есім, сан есім+зат есім тіркестерін құрастырып айтуға жаттықтыру. Фонематикалық қабылдауын, ойлау, көрнекі бейнелік гнозисін, бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. Сөздің буындық құрылымымен жұмыс жасау. Жинақтап, салыстырып айту білігін жетілдіру. Тақпақтарды пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

Қараша 2025 жыл

Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын, саусақ қол моторикасын дамыту. Сөздік қорын дамыту. Сөздерді буынға бөлу және буын ретін, санын сақтай отырып дұрыс, анық сөйлеуге дағдыландыру. Жалпылап айтуға үйрету. Салыстыра сипаттап айтуға жаттықтыру. Сөйлемдер құрап айту дағдыларын дамыту. Фонематикалық қабылдауы мен түсініктерін дамыту. Сөйлеу тілін қимылмен үйлестіруін дамыту. Атау септігіндегі зат есімнің көпше түрін жасауға үйрету. Сын есім+зат есім, сан есім+зат есім тіркестерін құрап айтуға жаттықтыру. Шылауларды зат есіммен қоса қолдану дағдыларын бекіту. Көріп және естіп есте сақтау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Фонематикалық қабылдауын, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар арқылы дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту.

Желтоқсан 2025 жыл

Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын, саусақ қол моторикасын дамыту. Сұрақтар көмегімен сөйлеу тілінде септік жалғауларын пайдаланып сөйлеуге жаттықтыру. Сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажырату. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым қатынас дамыту. Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Сын есім және антоним сөздер сөздігін дамыту. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. Сөйлеу тілін қимылмен үйлестіру. Фонематикалық түсініктерін, сөзге дыбыстық талдау жасау біліктерін жетілдіру.

Қаңтар 2026 жыл

Сөйлеуді дамыту	Танымдық және сөйлеу іс әрекет жағдайын тексеру. Байланыстырып сөйлеу тілін тексеру.Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын, саусак қол моторикасын дамыту. Дұрыс,анық сөйлеу дағдыларын,сөздік қорларын дамыту. Көріп және естіп есте сақтау қабілетін дамыту.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатары мен буындық құрылымын дамыту.Сурет бойынша сипаттап айтуға,сөздің қарсы мағыналы жұбын тауып айтуға жаттықтыру. Сұрақ көмегімен сөзге жалғанатын септік жалғауларын дұрыс жалғап айту. Зат есім+сын есім,зат есім+сан есім,зат есім +етістік тіркестерін жасап айтуға үйрету . Сөздердегі буын ұйқасын сезінуін қалыптастыру .Танымдық процестерін дамыту.
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын, саусак қол моторикасын дамыту. Дұрыс, анық сөйлеу дағдыларын,сөздік қорларын дамыту. Фонематикалық қабылдауын және байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру. Жинақтап айту және зат бөлшектерінің атауын үйрету. Сөздерді буынға бөлу, сөз басындағы дыбысты анықтауға жаттықтыру. Есте сақтау, қабылдау және ойлау процестерін дамыту. Көністікті бағдарлауға үйрету,сөйлеу барысында үстеу сөздерді түсінуін дамыту. Сөйлемдер құрап айтуға жаттықтыру
Наурыз 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын,саусак қол моторикасын дамыту. Дұрыс ,анық сөйлеу дағдыларын,сөздік қорларын дамыту. Сөздер тобын жалпы сөзбен айту. Көптік жалғауларын жалғап айтуға жаттықтыру. Талдау-жинақтау , дұрыс, анық сөйлеу дағдыларын дамыту. Сөздердің антонимін тауып сөйлеу тілінде қолдануға үйрету. Сөздердегі буын ұйқасын сезінуін қалыптастыру. Сөйлемдер құрап айтуға жаттықтыру. Сөйлеу тілін кимыл-қозғалыспен үйлестіруге үйрету. Сөйлеу тілінің просодикасын дамыту. Танымдық процестерін дамыту. Ертегіні тыңдап сұрақтар мен тірек суреттер көмегімен айтып беруге жаттықтыру. Ертегі кейіпкерлерінің рөлін ойнап жаттығу. Ертегі ішінен ұсынылған сюжет бойынша сахыналауға үйрету. Тақпақтар жаттап айтып жаттығу. Сөйлеу тілінің просодикасын дамыту. Танымдық процестерін дамыту.

Сәуір 2026 жыл

Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын,саусак кол моторикасын дамыту . Дұрыс ,анық сөйлеу дағдыларын,сөздік қорларын дамыту.Көріп және естіп есте сақтау қабілетін дамыту. Дұрыс ,анық сөйлеу дағдыларын дамыту.Салыстыра сипаттап айтуға жаттықтыру .Антоним сөздерді түсіну , колдану дағдыларын дамыту Сөйлеу тілінің грамматикалық қатары мен буындық құрылымын дамыту. Сурет бойынша сипаттап айтуға, сөздердің антонимін тауып айтуға жаттықтыру.Танымдық процестерін,байланыстырып сөйлеуін дамыту. Тақпақ жаттап мәнерлеп айтуға ,сөйлемдер құрап айтуға жаттықтыру.
Мамыр 2026 жыл	
Сөйлеуді дамыту	Танымдық және сөйлеу іс әрекет жағдайын тексеру. Артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын,саусак кол моторикасын дамыту. Дұрыс ,анық сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын дамыту. Фонематикалық қабылдау және түсініктерін дамыту. Сөздердегі буын ұйқасын сезінуін дамыту. Сурет бойынша сөйлемдер құрап айту, әңгіме құрап айтуға жаттығу. Тақпақ, жанылтпаш, жұмбақтар жаттап айту. Сөйлеу тілінің просодикасын дамыту. Сөздерді септік жалғаулары бойынша өзгерте білуін жетілдіру,байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

Бекітемін

«Ақтөбе облыстық «Нектар»

арнайы балабақшасы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі

А.О.Сеитова

«29» «08» 2025 -2026 оқ.ж.



Психикалық дамуы тежелген «Қарлығаш» ересек топ балаларына арналған
«Сөйлеуді дамыту» бойынша арнайы түзету іс әрекетінің «Ойна,тілінді дамыт» атты
жұмыс бағдарламасы

Ақтөбе, 2025 жыл

«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» КММ-нің әдістемелік кеңесінде қаралып бекітілді.

Авторлары – құрастырушылар:

Сейтова Асия Орынбасаровна – Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған

облыстық арнайы (түзетім) балабақшасының меңгерушісі

Кубаева Асылайым – Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасының логопед маманы

Пікір берушілер:

Н.Ж. Жалғас - Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығының инклюзивтік білім беру және тәрбие бөлімінің әдіскері

Туребаева К.Ж.- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

Бұл құралда психикалық дамуы тежелген балалар үшін сөйлеуді дамыту бойынша арнайы түзету іс-әрекетінің бағдарламасы ұсынылған. ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмысының мазмұны, әдістері мен тәсілдері сипатталған, үлгілік тақырыптық жоспары құрылған.

Құрал арнайы білім беру мекемелеріндегі логопедтерге, ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасайтын тәрбиешілерге арналған.

Түсінік хат

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.12.2018 № 721 бұйрығына сүйене отырып келесідей бағдарлама құрылды.

Логопедиялық топтардағы түзету - тәрбие жұмыстарының сәттілігі қатаң және алдын-ала ойластырылған жүйемен анықталады. Ал, бұл дегенің барлық оқу процесін және балалардың бүкіл іс-әрекеттерін логопедиаландыру. Логопедияны жүзеге асыру дегеніміз, бұл тіл түзету маманы мен тәрбиешінің тығыз өзара байланысы (түзету жұмыстарының әртүрлі функционалды әдіс- тәсілдері). Мектепалды мекемелердегі тәрбиеленуші балалардың тілдік дамымауындағы қиындықтарды сәтті жеңудің тәсілі, ол балаларға қойылатын талаптардың бірлігімен педогогикалық ұжым жұмысының тығыз байланысының сабақтастығы. Тіл түзету маманының, тәрбиеленушілердің, саз жетекшілерінің тығыз өзара байланысы, жұмысты бірге жоспарлауда ғана мүмкін.. Сондай-ақ, ойын әрекетінің бала психикасының толыққанды, жан-жақты дамуына, олардың сөйлесуіне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау тәжірибесіне әсер етуін, оқу әрекетіне қызығушылық тудыруы қажеттілігін де ескерген жөн.

Бағдарламаның мазмұны: Баланың таным қабілетін, білімін жүйелеу, ойын және жаттығулар арқылы байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын арттыру, фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру.

Бағдарламаның мақсаты:

- түсінгендерін әңгімелеп жеткізе білу;
- басынан өткен өмірлік оқиғаларды салыстыра,байланыстыра білуі;
- ойын арқылы логикалық ойлай білуге үйрету;
- грамматикалық сөз қатарын дамыту;
- әрі қарай өз бетімен бейімделуін қалыптастыру.

Міндеттері:

- адамгершілік пен ойлау дағдысын қалыптастыру;
- ойлау мәнеріне ден қою;
- баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу;
- таным қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

-адамдардың өмір сүру ортасын танып-білу, қоршаған ортадағы барлық түсініктермен танысу, оларға тән айырмашылықтарды ажырата алу.

- айналасына адамгершілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді.

Келтірілген мысалдар мен қолданылған әдістемелер баланың сөйлеу тілінің дамуын, оның сөздік қорын, сөйлеу үдерсінде кездесетін қателіктер, дыбыстық ерекшеліктерін дұрыс қалыптастыруға әсер етеді.

Бағдарламадағы ойындар баланың сөйлеу, есту мүшелеріне, ойлау, зейін, түйсіну, қабілеттеріне тікелей әсер етеді. Ойынның көмегімен бала өз ойын еркін жеткізе алумен қатар, берілген сұрақтарға жауап беруге үйретеді.

Бағдарлама мерзімі мен ұзақтығы: «Ойна, тілінді дамыт» бағдарламасы ересек топ балаларына арнап құрылған. Жалпы сағат саны- 36 сағат, аптасына 1 рет өткізуге жоспарланған. Ұзақтығы 25 минутты қамтиды. Бағдарлама 1 жылға арналған.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1	Балабақша – екінші үйіміз	Балалардың балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту. Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу. «Балабақша» тақырыбы бойынша сөздік қорын арттыру және кеңейту. Балабақшаға деген мақтаныш, құрмет сезімдерін дамыту.	1
2	Жасырын ойыншықты тап	«Ойыншықтар» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту. Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту. Фонематикалық түсініктерін дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Ойын және жаттығулар арқылы сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту.	1
3	Мына үйде кім тұрады?	Балалардың отбасы туралы білімдерін жүйелеу және анықтау. Сурет арқылы отбасы туралы қысқаша сипаттау мәтінін құрастыру білігін дамыту, байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру, тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру, фонематикалық түсініктерін дамыту. Отбасы деген бір үйде бірге тұратын адамдар тобы деген түсінігін қалыптастыру.	1
4	Саусақтарымыз бір-бірімен сәлемдеседі!	Балаларға өз дене мүшелерін, сезім мүшелерін ажырата білуге, дене мүшелерінің атқаратын қызметі мен, бір-бірінен айырмашылығын танып-білуге, айтып	1

		ажыратуға үйрету	
5	Бұл қай кезде болады?	Күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Тақырып бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру.	1
6	Жемістерден не дайындаймыз?	Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, оларды бір - бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету. Балалардың сүйіп жейтін жемістерімен жақын таныстыру, ойлау қабілеті мен сөздік қорларын байыту.	1
7	Көкөністерді жинайық	Көкөністерді бір-бірінен айыруға, олардың түстері, жинап алатын мезгілін білуге үйрету. Көкөністердің пайдасы туралы әңгімелеу. «Көкөністер» тақырыбы бойынша сөздік қорын белсенділеу, кеңейту, нақтылау.	1
8	Суреттер қай жерде жасырынған?	Тақырып бойынша сөздік қорларын молайту және олардың түрлерімен танысу. Жидектер туралы және олардың ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Жеуге болатын саңырауқұлақ түрлеріне тоқталу.	1
9	Театрланған Бауырсақ ертегісі	Балаларға нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетінін түсіндіру. Мақал-мәтелдерді, тыйым сөздерді, пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. Нанды қастерлеуге және диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	1
10	Қателесіп қалма?	Ағаштардың адамға не үшін қажет екенін, олардың қандай болатынын түсіндіру. Тақырыпқа байланысты балалардың белсенді сөздік қорын молайтып, сөз тіркесін құрауға үйрету.	1
11	Үйдегі жиһаздар	Жиһаздар туралы түсініктерін кеңейту және тереңдету, қолдануы және бөліктері, жасалған материалын таныстыру. Сөздік қорын дамыту.	1
12	Сөзді аяқта	Тұрмыстық электр құралдарының қалай аталуын және оның атқаратын қызметімен таныстыру. Олардың қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Сөздік қорын, сөйлеу тілін, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	1
13	Бағдаршам	Көліктердің түрлерімен, қай жерде қандай көлікпен жүру керектігіне үйрету. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету.	1
14	Қандай мамандық	Мамандықтар туралы түсініктерін толықтыру. Мамандық атауларын, әр мамандық	1

	айтылды?	иесінің атқаратын қызметі, мамандыққа тән ерекшеліктерімен таныстыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту.	
15	Тәуелсіздік - тұмарым, Мәңгілік ел - тұрағым	Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан туралы балаларға ұғындыру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру. Патриотизмге тәрбиелеу.	1
16	Аққала!	Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін толықтыру. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту.	1
17	«Қар, жел, боран, аяз»	Қыс мезгілімен таныстырып, білімдерін кеңейту. Қыс мезгілін басқа мезгілдерден айыра, айырмашылығымен ерекшеліктерін баяндау білуге үйрету. Байланыстыру сөйлеуге үйрету.	1
18	Төлін бірге табайық!	Үй жануарлары бойынша сөздік қорларын кеңейту. Үй жануарларының атауын атау және олардың дыбыстау ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру.	1
19	Бір сөзбен ата	Үй құстары туралы сөздік қорларын кеңейту. Үй құстарының атауын атау және олардың дыбыстау ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру.	1
20	Ненің мекені?	Жабайы жануарлар туралы түсініктерін тереңдету. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу. Жануарлар әлеміне саяхат арқылы сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.	1
21	Қандай құс жасырынған?	Балалардың қыстап қалатын құстарды атап, олар жайлы түсініктерді кеңейту. Құстарға деген қамқорлық көзқарасын дамыту.	1
22	Сиқырлы дорба	Балалардың қарапайым ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту, түрлерімен таныстыру. Олардың тұрмыста қажеттілігін түсіндіру. Тақырыпқа байланысты сөздік қорларын молайту.	1
23	Дүкенде	Азық –түлік аттарын қазақша атай алуға, естеріне сақтауға жаттықтыру. Дәрумендер – табиғи қорғаушылар екенін ұғындыру, олардың пайдасы жайлы түсіндіру.	1
24	Киімдерді топтастыр!	«Киімдер» туралы түсініктерін кеңейту, олардың атын атап қандай материалдан жасалғанын және не үшін керек екенін айтып тани білуге үйрету. Киімдердің түстері, пішіндері туралы түсініктерін қалыптастыру.	1
25	Жұбын атп	Балаларға аяқ киім түрлері, қысқы аяқ киімдер туралы түсінік беру. Әр мезгілге тән аяқ киімдерді ажырата білуге үйрету.	1

		Олардың адам үшін маңыздылығын ұғындыру.	
26	Анамның мейрамы!	Балаларға 8-наурыз халықаралық мейрамы екенін ұғындыру. Мереке қалай аталып өтетінін әңгімелеп беру. Тақырыпқа байланысты белсенді сөздік қорын молайту.	1
27	Ертегілер елінде	Ертегілер туралы түсініктерін қалыптастырып, ертегілерге қызығушылығын арттыру.Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту. Ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету.	1
28	Қазақтың ұлттық мейрамы— Әз Наурыз!	«Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу	1
29	Көктем қандай керемет!	Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту.	1
30	Сөзді аяқта!	Балалардың көктем құстары туралы білімдерін және олардың немен қоректенетіні, дене бітімі туралы білімдерін бекіту.Құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы мағлұмат беру.Құстар туралы көркем сөздерді пайдаланып сөздік қорын, ой-өрісін дамыту.	1
31	Ғарыш әлеміне саяхат	Ғарыш,ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру.Сөздік қорларын байыту. Есте сақтау қабілеттерін,ой-өрістерін,зейіндерін,көріп тану қабілеттерін дамыту	1
32	Су астындағы тіршілік	Балалардың теңіз, мұхит ұғымын бекіту. Судың қасиетін, теңіздегі балықтар туралы, теңіз асты заттар, теңіздің адамға тигізер пайдасы туралы, теңізден алынатын байлығымыз жөнінде түсінік беру.	1
33	Гүл салайық!	Гүлдер туралы түсініктерін кеңейту, түстерді ажырата білуге үйрету. Белсенді грамматикалық сөздік қорын молайту. Әдемілікті сезіне білуге, көркемдік талғамдарының жетілуіне ықпал ету.	1
34	Батырларға тағзым. Менің Қазақстаным!	Отанды сүйуге, қазақ елінің рәміздерін қастерлеуге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, үйрету. Ата-бабаларымыздың ерліктерін әңгімелеу.	1
35	Жәндіктерді табайық!	Тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру дамыту. Жәндіктер олардың тіршілік ерекшеліктері, сыртқы түрі мекен ортасы, атаулары туралы білімдерін толықтыру. Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығаруды дамыту.	1
36	Жайма шуақ Жаз!	Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру. Тақырыпқа сәйкес сөздік қорларын молайту. 3-5 сөзден сөйлем құрап айтуға үйрену.	1

Қорытынды.

Логопед маманы жыл соңында осы жастағы балаларда келесі қасиеттердің дамуына ықпал етеді:

Балалар істей алуы керек: Лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорлары дамып, берілген суреттер бойынша зат немесе жануарлар атауларын атай білу. Сұрақтарға ашық, таза, толық жауап беру дағдыларын игеру. Сериялы, сюжетті картиналармен жұмыс жасай отырып, 2-3 фразалы әңгіме құрастыру. Ертегі бойынша сұрақтар қойып, кейіпкерлерді ажырата білу. Белсенді сөздік қорларына етістікті, сын есімді сөздерді қолдана алу. Ана тілдегі дыбыстар қойылып, машықтану.

Мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық қабілеттері мен сөйлеу тілін дамыту жұмыстарының өзектілігі қазіргі шындықпен байланысты. Біз тез өзгеретін әлемде, ақпарат, компьютерлер, спутниктік теледидар, ұялы байланыс, интернет дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Ақпараттық технологиялар бізге жаңа мүмкіндіктер береді. Біздің бүгінгі тәрбиеленушілерімізді қызықты болашақ күтіп тұр. Олар сәтті болуы үшін, үнемі өсіп келе жатқан ақпарат ағынына шебер бағдарлану үшін оларды ақпаратты оңай және тез қабылдауға, оны талдауға, жаңасын игеруде қолдануға, әртүрлі жағдайларда ерекше шешімдер табуға үйрету керек. Білім беруді дамытудың заманауи тенденцияларына сәйкес біз балабақшадан білім беру процесіне қызығушылық танытатын, белсенді, белсенді, қызығушылық танытатын, зияткерлік және жеке мәселелерді шеше алатын, сонымен қатар оқу іс – әрекетінің әмбебап алғышарттарын ережеге сәйкес жұмыс істей алатын адамды босатуымыз керек. Тәрбиеленуші алғашқы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінен бастап қиындықтарға тап болмас үшін және нөлден үйренудің қажеті жоқ, қазірдің өзінде мектепке дейінгі кезеңде баланы тиісті түрде дайындау керек.

Сөйлеу тіліндегі сауаттылық, дамыған логикалық ойлау-бұл балабақша түлегін мектепте сәтті оқытудың кепілі.

Бағдарламаның мазмұны 4-5-6 жастағы балалардың логикалық ойлаудың маңызды дағдыларын - "ақыл-ойда әрекет ету" қабілетін игеруге, сөздік қорын дамытуға бағытталған. Әр жас кезеңінде белгілі бір "қабат" құрылады, онда келесі кезеңге өту үшін маңызды психикалық функциялар қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының заңы «Білім туралы» 2007 жыл 27 шілде №319-ІІІ.
2. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (30 қазан 2018 №595)
3. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (5 мамыр 2020 №182)
4. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
5. Қазақстан Республикасының заңы «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VІ.
6. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-ІІ.
7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА 2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ
8. . М.А.Поваляева. Логопед анықтамасы. Ростов- на-Дону. Феникс. 2007 жыл.
9. 9. Н.В.Нищева. «Система коррекционной работы в логопедической группе для детей с общим недоразвитием речи.» Санкт-Петербург «ДЕТСТВО-ПРЕСС» 2005 жыл.
10. «Қуырмаш» Алматы 2009ж.
11. «Отбасы және балабақша» Алматы №4, 2015ж.
12. М.Монтессори «Школа свободного развития личности»
13. Н. М. Сертакова «Игра как средство социальной адаптации дошкольников» Санкт-Петербург «Детство-ПРЕСС» - 2009